Берілген кепілдіктер бойынша болашақ кезеңдердің кірістеріне қаржылық кепілдіктер жөніндегі комиссиялардың бір бөлігі және құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар жөніндегі комиссиялардың бір бөлігі кіреді, олар есептеу бойынша келесі немесе одан кейінгі қаржы жылдарында түсетін, әрбір қаржылық кепілдік шарты және құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру шарты үшін, пропорционалды әдісті пайдалана отырып, бөлек есептелген.

## Құрылыс жобаларына берілген кепілдіктер бойынша талаптарға резервтердің өзгеруін талдау

| | **Аудиттелмеген, 2023 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай мың теңге** | **Аудиттелмеген, 2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай мың теңге** |
|---|---|---|
| Жыл басындағы резервтің шамасы | 22,676,679 | 16,369,499 |
| Құрылыс жобаларына кепілдік беру шарттары бойынша резервтердегі өзгеріс | 10,159,755 | (638,206) |
| **Жыл соңындағы резервтің шамасы** | **32,836,434** | **15,731,293** |

**Құрылыс жобаларына кепілдік беру шарттары бойынша резервтерді есептеу үшін пайдаланылатын түйінді жорамалдар**

Кепілдік беру шарттары бойынша кез келген болашақ міндеттемелерді жабу үшін жеткілікті резервтерді неғұрлым сенімді қалыптастыруға арналған кепілдік міндеттемелерді бағалау үшін пайдаланылатын жорамалдар.

Есепті күнге Компания кепілдік жағдайларын толық реттеу үшін қажетті болжамды сомаға резерв қалыптастырады.

Кепілдік жағдайының ықтималдығын анықтау үшін Компания қауіп деңгейін анықтайтын уәкілетті компанияға/құрылыс салушыға тағайындалған рейтингін пайдаланады. Рейтинг уәкілетті компанияның/құрылыс салушының сандық және сапалық көрсеткіштерін де ескереді: сатудың рентабельділігі, активтердің рентабельділігі, мерзімді өтімділік коэффициенті, төлемқабілеттілігі коэффициенті, пайыздарды жабу коэффициенті, ағымдағы қарыздың активтерге қатынасы көрсеткіші, меншікті капиталға жиынтық міндеттеме, пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы алаңының шаршы метрінің көлемі, бас мердігер лицензиясының санаты, техникалық жарақтандыру.

Кепілдік жағдайының туындау ықтималдығын арттыру факторы - құрылыс-монтаждау жұмыстары мен сату жоспарының орындалмауына байланысты кепілдік мерзімін ұзарту туралы уәкілетті компанияның/құрылыс салушының өтініші.

Құрылыс салушының және құрылысты жүзеге асыруға уәкілетті компанияның кепілдік беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету уәкілетті компаниядағы құрылыс салушының қатысу үлесінің кепілі және аяқталмаған құрылыспен жер учаскесінің (оған құқықтардың) кепілі (бар болса) болып табылатынын ескере отырып, компанияның бағалауы бойынша кепілдік беру жағдайы басталған кезде нақты өтеу сомасы құрылыс аяқталу сатысы мен  құрылыс құнына, сондай-ақ жылжымайтын мүліктің нарықтық бағасының өзгеруіне байланысты болады..

Күтілетін шығындарды бағалау компанияның статистикалық деректерді жинақтауына қарай қайта қаралады.

Компания басшылығы құрылыс жобалары бойынша кепілдік шарттары портфелінің көрсеткіштері, негізінен, кепілдік жағдайының туындау ықтималдығының бағалау коэффициенттерінің өзгеруіне және кепілдік жағдайы басталған кезде нақты өтеуді бағалауға осал деп есептейді. Компания жоғарыда аталған айнымалы шамалардың соңғы мәндеріне сүйене отырып, өзінің есептік бағалауына үнемі өзгерістер енгізіп отырады.

Кепілдік жағдайы басталу ықтималдығы плюс/минус бір пайызға өзгерген кезде берілген кепілдіктер бойынша резервтердің мөлшері 328,364 мың теңгеге (аудиттелмеген) (2022 жылғы 31 желтоқсанға 226,767 мың теңге) жоғары/төмен болады.

**Кепілдік жағдайының басталуы**

«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Заңның 37-бабының 3 және 4-тармақтарына сәйкес 2023 жылғы маусымда компания «Атырау қ., «Нұрсая» ш/а, 9 қабатты төрт тұрғын үйдің құрылысы» жобасы бойынша кепілдік жағдайын тіркеді. Аталған жобаның үш 9 қабатты тұрғын үйі кепілдік беру объектілері болатын.

2023 жылғы 30 қыркүйекке Компания ұсынылған кепілдік бойынша 2,451,669 мың теңге мөлшерінде 100% резерв есептеп қойған.

Уәкілетті компанияның дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сенімгерлік басқару шартына сәйкес және қабылдау-тапсыру актісі негізінде құрылтайшы компанияға басқарушы компанияның жарғылық капиталына қатысу үлесінің 100% -н сенімгерлік басқаруға берді (3(а) ескертпе).

Уәкілетті компанияны компания шоғырландырмайды, өйткені ол (жеке және жиынтықта) компанияның қаржылық жағдайы, қызметінің қаржылық нәтижелері және ақша ағындары үшін маңызды емес.

# 18 Меншікті капитал

## (а) Дивидендтер

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Компанияның резервтерін бөлу үшін қол жетімді мөлшер, егер жинақталған залал болашақ кезеңдерге ауыстырылса, компанияның ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған қаржылық есептілігінде көрсетілген бөлінбеген пайда мөлшерімен немесе есепті кезеңдегі пайда мөлшерімен шектеледі. Егер меншікті капиталдың мөлшері теріс болса немесе таза кірісті бөлу компанияның төлем қабілетсіздігіне әкеп соқтырса, бөлуге жол берілмейді.

2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдың ішінде компания 31,275,846 мың теңге (акция үшін 1,773,91 теңге) сомасында дивидендтер жариялады және төледі, аудиттелмеді (2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай ішінде компания 3,622,293 мың теңге (акция үшін 205.45 теңге) сомасында дивидендтер жариялады және төледі акция), аудиттелмеген.

## (б) Акцияға шаққандағы негізгі және азайған пайда

Акцияға шаққандағы базалық және азайған пайда қарапайым акция иелеріне тиесілі кезеңдегі пайда немесе залал сомасын кезең ішінде айналымда болған жай акциялардың орташа өлшенген санына бөлу арқылы есептеледі.

| | **Аудиттелмеген, 2023 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай** | **Аудиттелмеген, 2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай** |
|---|---|---|
| Кезең ішіндегі пайда, мың теңгемен | 25,467,548 | 27,923,615 |
| Жай акциялардың орташа өлшенген саны | 17,631,022 | 17,631,022 |
| **Акцияға шаққандағы базалық және азайтылған пайда, теңгемен** | **1,444** | **1,584** |

## (в) Бөлінбеген пайда құрамындағы өзге де резервтер

Компания создала резерв на урегулирование гарантийного случая, в соответствии со статьей 29 Закона Республики Казахстан от 7 апреля 2016 года «О долевом участии в жилищном строительстве». Средства резерва на урегулирование гарантийных случаев могут быть использованы исключительно в целях осуществления расходов, связанных с исполнением обязательств Компании по договорам о предоставлении гарантии. По состоянию на 30 сентября 2023 года резерв на урегулирование гарантийного случая равен 6,351,683 тысяч тенге (не аудировано) (31 декабря 2022 года: 6,882,107 тысяч тенге).

# 19 Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару ипотекалық қызметтің негізінде жатыр және компанияның операциялық қызметінің маңызды элементі болып табылады. Нарықтық тәуекел, несиелік тәуекел және өтімділік тәуекелі компанияның өз қызметін жүзеге асыру процесінде кездесетін негізгі тәуекелдері болып табылады.

Төменде сипатталғандарды қоспағанда, 2023 жылғы 30 қыркүйекке нарықтық тәуекел мен өтімділік тәуекеліне қатысты 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдаймен салыстырғанда елеулі өзгерістер болған жоқ.

Геосаяси жағдайға байланысты белгісіздіктерді барабар көрсету үшін Компания мұнай бағасының және елдің ЖІӨ-нің жаңартылған болжамдарын ескере отырып, 2023 жылдың тоғыз айындағы болжамды макроэкономикалық индикаторларды қоса алғанда, күтілетін кредиттік шығындарды бағалау модельдерінде пайдаланылатын болжамды ақпаратты жаңартты.

Қаржылық активтерге қатысты несиелік тәуекелдің ең жоғары деңгейі шолу күніне келесідей ұсынылуы мүмкін:

| | **Аудиттелмеген, 2023 жылғы 30 қыркүйек мың теңге** | **2022 жылғы 31 желтоқсан мың теңге** |
|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | |
| Ақша қаражаты және оның баламасы | 228,426,975 | 245,237,171 |
| Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат | 68,720,553 | 68,450,680 |
| Инвестициялық бағалы қағаздар: | | |
| - Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатындар | 830,933 | 2,171,971 |
| - Амортизацияланған құн бойынша бағаланатындар | 904,029,230 | 831,077,410 |
| Клиенттерге берілген несиелер және жылжымайтын мүліктің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі: | | |
| - Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатындар | 6,327,439 | 4,523,388 |
| - Амортизацияланған құн бойынша бағаланатындар | 103,932,695 | 126,896,750 |
| Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек | 142,560,337 | 149,258,306 |
| Басқа қаржы активтері | 230,353 | 297,515 |
| **Несиелік тәуекелге ұшыраудың барлық максималды деңгейі** | **1,455,058,515** | **1,427,913,191** |

### Берілген кепілдіктер бойынша тәуекелдерді басқару

Компания құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар жасасады. Компания кепілдік жағдайы туындаған кезде тұрғын үй құрылысының аяқталуына және тұрғын ғимараттағы үлестердің үлескерлерге берілуіне кепілдік береді. 2023 жылғы 30 қыркүйекке Компания 53 қолданыстағы кепілдік шартын жасасты (2022 жылғы 31 желтоқсан: 59 қолданыстағы шарт).

2023 жылғы 30 қыркүйекке Компания шығарған қолданыстағы кепілдіктер бойынша міндеттемелердің ең жоғары сомасы 347,527,630 мың теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 410,765,069 мың теңге).

Компанияның тұрғын үй құрылысы жобаларына кепілдік беру шарттары бойынша кездесетін негізгі тәуекелі кепілдік жағдайлары бойынша нақты төлемдер немесе оларды төлеу уақыты күтілгеннен өзгеше болуы мүмкін. Компанияның мақсаты-осы міндеттемелерді төлеу үшін жеткілікті резервтерді қамтамасыз ету.

Кепілдік тәуекелі негізінен құрылыс салушымен байланысты қаржылық және заңды тәуекелдерді бағалау арқылы басқарылады. Компания құрылыс салушының қаржылық жағдайын, жобаны қаржыландыру көздерін, құрылыс компаниясының баға саясатының сәйкестігін талдауды бағалайды, жобаға техникалық сараптама жүргізеді, ал кепілдік берілгеннен кейін - құрылыс барысына мониторинг жүргізеді. Сонымен қатар, Компания жоба бойынша құқықтық және беделді тәуекелдерді белгілеу үшін заңды бағалау жүргізеді. Клиенттің тұрғын үй ғимаратының құрылысын аяқтау жөніндегі міндеттемелерін қамтамасыз ету мақсатында Компания уәкілетті компаниядағы 100% үлесті, аяқталмаған құрылысы бар жер учаскесін қамтамасыз ету сапасына қабылдайды.

# 20 Шартты міндеттемелер

## (а) Сақтандыру

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметтерінің нарығы даму сатысында тұр, сондықтан басқа елдерде қолданылатын сақтандыру қорғаудың көптеген нысандары Қазақстанда әлі қол жетімді емес. Компания өзінің өндірістік құрылыстарына, өндірістің тоқтап қалуынан туындаған шығындарға немесе апаттар немесе Компания қызметі нәтижесінде жылжымайтын мүлік объектілеріне немесе қоршаған ортаға келтірілген залалға байланысты үшінші тараптар алдындағы туындаған міндеттемелерге қатысты толық сақтандыру қорғанысына ие емес. Компания тиісті сақтандыруға ие болғанға дейін, белгілі бір активтердің жоғалуы немесе бүлінуі компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін деген қауіп бар.

## (б) Сот даулары

Нарықта өзінің әдеттегі қызметін жүзеге асыру барысында Компания әртүрлі заңды талаптарға тап болады. Басшылық сот талқылаулары нәтижесінде туындайтын міндеттемелердің түпкілікті шамасы (олар болған жағдайда) болашақта компания қызметінің нәтижелерінің қаржылық жағдайларына елеулі теріс әсер етпейді деп пайымдайды.

## (в) Қазақстандағы шартты салық міндеттемелері

Қазақстанның салық жүйесі салыстырмалы түрде жаңа бола отырып, заңнамалық нормалардың, ресми түсіндірмелердің және сот шешімдерінің жиі өзгеруімен сипатталады, олар көбінесе анық емес және қарама-қайшы, бұл оларды әртүрлі салық органдарының, соның ішінде ХҚЕС-ке сәйкес кірістерді, шығыстарды және қаржылық есептіліктің басқа баптарын есепке алу тәртібіне қатысты пікірлерді екіұшты түсіндіруге мүмкіндік береді. Салықтарды есептеудің дұрыстығына қатысты тексерулер мен тергеулерді ірі айыппұлдар салуға және пайыздар алуға құқығы бар әртүрлі деңгейдегі реттеушілер жүргізеді. Есепті кезеңдегі салықтарды есептеудің дұрыстығы келесі бес күнтізбелік жыл ішінде тексерілуі мүмкін, бірақ белгілі бір жағдайларда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін.

Бұл мән-жайлар Қазақстанда салық тәуекелдерінің басқа елдерге қарағанда әлдеқайда жоғары болуына әкеп соғуы мүмкін. Басшылықтың пікірінше, салық міндеттемелері басшылықтың қолданыстағы салық заңнамасын түсіндіруіне, нормативтік құжаттардың ресми түсініктемелеріне және сот шешімдеріне сүйене отырып, осы қысқартылған аралық қаржылық ақпаратта толық көрсетілген. Алайда, әр түрлі реттеуші органдардың салық заңнамасын түсіндіруі Компания басшылығының пікірінен өзгеше болуы мүмкін екенін ескере отырып, реттеуші органдар тарапынан мәжбүрлеп ықпал ету шаралары қолданылған жағдайда, олардың компанияның қысқартылған аралық қаржылық ақпаратына әсері айтарлықтай болуы мүмкін.

# 21 Байланысты тараптармен операциялар

## (a) Басқарма және Директорлар кеңесі мүшелерімен операциялар

Басқарма және Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақылардың жалпы мөлшері төменде келтірілген:

| | Аудиттелмеген 2023 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай мың теңге | Аудиттелмеген 2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай мың теңге |
|---|---|---|
| Директорлар кеңесі мүшелері | 9,582 | 27,768 |
| Басқарма мүшелері | 127,405 | 188,909 |
| | **136,987** | **216,677** |

2023 жылғы 30 қыркүйекке және 2022 жылғы 31 желтоқсанға Басқарма және Директорлар кеңесі мүшелерімен операциялар бойынша шоттардағы қалдықтар:

| | Аудиттелмеген 2023 жылғы 30 қыркүйекте мың теңге | Аудиттелмеген Сыйақының орташа мөлшерлемесі | 2022 жылғы 31 желтоқсан мың теңге | Сыйақының орташа мөлшерлемесі |
|---|---|---|---|---|
| **Қаржылық жағдай туралы қысқартылған аралық есеп** | | | | |
| Клиенттерге берілген кредиттер | 49,559 | 6.49 | 63,327 | 3.00 |
| Басқа міндеттемелер | 57,479 | - | 58,789 | - |

**(б) Басқа байланысты тараптардың қатысуымен жасалатын операциялар**

Басқа да байланысты тараптар Бәйтерек тобын және өзге де мемлекеттік ұйымдарды қамтиды.

Бұдан әрі ұсынылған сомалар 2023 және 2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдағы пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы қысқартылған аралық есепке енгізілген:

| | Аудиттелмеген, 2023 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай | Аудиттелмеген, 2023 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай | Аудиттелмеген, 2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай | Аудиттелмеген, 2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай |
|---|---|---|---|---|
| | Бәйтерек тобы | Мемлекеттік ұйымдар | Бәйтерек тобы | Мемлекеттік ұйымдар |
| | мың теңге | мың теңге | мың теңге | мың теңге |
| **Пайда немесе шығын туралы қысқартылған аралық есеп** | | | | |
| Процenттік кірістер | 7,075,326 | 99,195,975 | 3,257,506 | 89,608,585 |
| Проценттік кірістер | (73,541,237) | (1,355,720) | (70,540,600) | (1,291,039) |
| Басқа таза операциялық кірістер | 2,494,170 | 14,588,765 | 527,801 | (2,311,600) |
| Комиссиялық шығындар | (38) | (2,383) | 2 | (2,122) |
| Жалпы әкімшілік шығындар | - | (345,715) | - | (324,319) |
| Резервтердегі өзгерістер бойынша таза шығындар | (391,599) | - | - | - |
| Құнсызданудан (шығын) / орнын толтыру | 253,365 | (114,280) | (87,896) | 480,261 |
| Табыс салығы бойынша шығыс | - | 296,289 | - | (2,477,761) |

2023 жылғы 30 қыркүйекке басқа да байланысты тараптармен операциялар бойынша шоттардағы қалдықтар:

| | **Аудиттелмеген Бәйтерек тобы** | | **Аудиттелмеген Мемлекеттік ұйымдар** | |
|---|---|---|---|---|
| | **мың теңге** | **Орташа сыйақы мөлшерлемесі, %** | **мың теңге** | **Орташа сыйақы мөлшерлемесі, %** |
| Ақша қаражаты және оның баламасы | 3,262,114 | 14.99 | 223,927,677 | 16.85 |
| Банктер мен өзге қаржы институттарындағы шоттар мен депозиттер | 68,720,553 | 7.55 | - | - |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар | 12,947,945 | 0.5 | 880,413,245 | 4.96 |
| Клиенттерге берілген кредиттер | - | - | 51,710,320 | 0.50 |
| Ағымдағы салық активі | - | - | 5,546,167 | - |
| Басқа активтер | 82,168 | - | 210,147 | - |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 744,421,751 | 5.71 | 12,863,094 | 10.11 |
| Басқа да тартылған қаражат | 218,418,927 | 0.17 | 6,719,292 | 0.10 |
| Мемлекеттік субсидиялар | 139,305,872 | - | 1,793,585 | - |
| Болашақ кезеңдердің кірістері және берілген кепілдіктер бойынша резервтер | 2,451,669 | - | - | - |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі | - | - | 15,000,764 | - |
| Басқа міндеттемелер | - | - | 3,028,650 | - |

2022 жылғы 31 желтоқсанға басқа да байланысты тараптармен операциялар бойынша шоттардағы қалдықтар:

| | **Бәйтерек тобы** | | **Мемлекеттік ұйымдар** | |
|---|---|---|---|---|
| | **мың теңге** | **Орташа сыйақы мөлшерлемесі,, %** | **мың теңге** | **Орташа сыйақы мөлшерлемесі,, %** |
| Ақша қаражаты және оның баламасы | 18,706,441 | 15.25 | 212,774,938 | 13.88 |
| Банктердегі қаражат | 67,786,335 | 7.61 | - | - |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар | 7,891,244 | 0.5 | 812,220,919 | 5.20 |
| Клиенттерге берілген кредиттер | - | - | 47,171,594 | 0.40 |
| Ағымдағы салық активі | - | - | 4,459,416 | - |
| Басқа активтер | 79,454 | - | 103,836 | - |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 718,929,637 | 5.72 | 12,542,124 | 10.10 |
| Басқа да тартылған қаражат | 206,742,354 | 0.17 | 6,335,045 | 0.10 |
| Мемлекеттік субсидиялар | 140,884,429 | - | 1,818,115 | - |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі | - | - | 17,503,656 | - |
| Басқа міндеттемелер | - | - | 376,936 | - |

# 22 Қаржылық активтер мен міндеттемелер: әділ құн және есепке алу жіктемелері

## (а) Есептік жіктемелер және әділ құн

Келесі кесте 2023 жылғы 30 қыркүйекке қаржылық активтер мен міндеттемелердің баланстық және әділ құнын көрсетеді:

| Аудиттелмеген<br>мың теңге | Аудиттелмеген Амортизацияланған құн бойынша ескерілетіндер | Аудиттелмеген Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша есепке алынатын | Аудиттелмеген Барлық баланстық құн | Аудиттелмеген Әділ құн |
|---|---|---|---|---|
| Ақша қаражаты және оның баламасы | 228,426,975 | - | 228,426,975 | 228,426,975 |
| Банктер мен өзге қаржы институттарындағы шоттар мен депозиттер | 68,720,553 | - | 68,720,553 | 68,720,553 |
| Инвестициялық бағалы қағаздар: | | | | |
| - Өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатындар | - | 830,933 | 830,933 | 830,933 |
| - Амортизацияланған құн бойынша бағаланатындар | 904,029,230 | - | 904,029,230 | 888,456,943 |
| Клиенттерге берілген несиелер және жылжымайтын мүлікті бөліп-бөліп сатудан түскен дебиторлық берешек: | | | | |
| - Амортизацияланған құн бойынша бағаланатындар | 103,932,695 | - | 103,932,695 | 77,725,980 |
| - Кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін, әділ құн бойынша бағаланатын өзгерістер | - | 6,327,439 | 6,327,439 | 6,327,439 |
| Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек | 142,560,337 | - | 142,560,337 | 142,560,337 |
| Басқа қаржы активтері | 230,353 | - | 230,353 | 230,353 |
| | **1,447,900,143** | **7,158,372** | **1,455,058,515** | **1,413,279,513** |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 805,889,311 | - | 805,889,312 | 737,057,480 |
| Басқа да тартылған қаражат | 242,644,711 | - | 242,644,710 | 156,110,253 |
| Басқа қаржылық міндеттемелер | 4,457,227 | - | 4,457,227 | 4,457,227 |
| | **1,052,991,249** | **-** | **1,052,991,249** | **897,624,960** |

Келесі кесте 2022 жылғы 31 желтоқсанға қаржылық активтер мен міндеттемелердің баланстық және әділ құнын көрсетеді:

| **мың теңге** | **Амортизацияланған құн бойынша ескерілетіндер** | **Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша есепке алынатын** | **Барлық баланстық құн** | **Әділ құн** |
|---|---|---|---|---|
| Ақша қаражаты және оның баламасы | 245,237,171 | - | 245,237,171 | 245,237,171 |
| Банктер мен өзге қаржы институттарындағы қаражат | 68,450,680 | - | 68,450,680 | 66,255,577 |
| Инвестициялық бағалы қағаздар: | | | | |
| - Өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатындар | 831,077,410 | - | 831,077,410 | 856,731,799 |
| - Амортизацияланған құн бойынша бағаланатындар | - | 2,171,971 | 2,171,971 | 2,171,971 |
| Клиенттерге берілген несиелер және жылжымайтын мүлікті бөліп-бөліп сатудан түскен дебиторлық берешек: | | | | |
| - Амортизацияланған құн бойынша бағаланатындар | 126,896,750 | - | 126,896,750 | 101,335,619 |
| - Кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін, әділ құн бойынша бағаланатын өзгерістер | - | 4,523,388 | 4,523,388 | 4,523,388 |
| Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек | 149,258,306 | - | 149,258,306 | 149,258,306 |
| Басқа қаржы активтері | 297,515 | - | 297,515 | 297,515 |
| | **1,421,217,832** | **6,695,359** | **1,427,913,191** | **1,425,811,346** |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 780,249,653 | - | 780,249,653 | 764,691,925 |
| Басқа да тартылған қаражат | 235,715,688 | - | 235,715,688 | 182,464,081 |
| Басқа қаржылық міндеттемелер | 3,885,402 | - | 3,885,402 | 3,885,402 |
| | **1,019,850,743** | **-** | **1,019,850,743** | **951,041,408** |

Әділ құнды бағалау активті сату кезінде алынатын немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылатын операция жағдайында міндеттемені беру кезінде төленетін бағаны анықтауға бағытталған. Дегенмен, субъективті пайымдаулардың белгісіздігі мен қолданылуын ескере отырып, әділ құн активтерді дереу сату немесе міндеттемелерді орындау шеңберінде жүзеге асырылатын ретінде түсіндірілмеуі керек.

Белсенді нарықта айналыста болатын қаржылық активтер мен міндеттемелердің әділ құны нарықтық баға белгілеулеріне немесе дилерлік баға белгілеулеріне негізделген. Барлық басқа қаржы құралдары үшін Компания бағалау әдістерін қолдана отырып, әділ құнды анықтайды.

Бағалау әдістерінің мақсаты активтерді сату немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында міндеттемелерді беру бойынша ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылатын операция жүргізілетін бағаны көрсететін әділ құнды бағалау тәсіліне қол жеткізу болып табылады.

Бағалау әдістеріне таза ағымдағы құнын бағалау және ақша ағындарын дисконттау модельдері, нарықтық баға белгілеулері белгілі ұқсас құралдармен салыстыру және басқа бағалау модельдері кіреді. Бағалау үшін пайдаланылатын пайымдаулар мен деректерге тәуекелсіз және базалық пайыздық мөлшерлемелер, несиелік спрэдтер және дисконттау мөлшерлемелерін, акциялар мен облигациялардың баға белгілеулерін, валюта бағамдарын, қор индекстерін, сондай-ақ күтілетін баға ауытқуларын және оларды салыстыруды бағалау үшін қолданылатын басқа түзетулер жатады. Бағалау әдістері нарықтың тәуелсіз қатысушылары анықтайтын есепті күндегі жағдай бойынша қаржы құралының құнын көрсететін әділ құнды анықтауға бағытталған.

Компания жалпыға қол жетімді және басшылықтың пікірлері мен бағалауларын қажет етпейтін пайыздық және валюталық своптар сияқты стандартты және қарапайым қаржы құралдарының әділ құнын анықтау үшін кеңінен танылған бағалау модельдерін қолданады. Модельдер үшін бақыланатын баға ұсыныстары мен бастапқы деректер әдетте нарықта айналымдағы қарыздар мен үлестік бағалы қағаздар үшін қол жетімді.

Неғұрлым күрделі құралдар үшін Компания өзінің бағалау модельдерін қолданады. Осы модельдерде қолданылатын кейбір немесе барлық маңызды деректер жалпыға қол жетімді нарықтық деректер болмауы мүмкін және нарықтық баға белгілеулерден немесе ставкалардан немесе пайымдаулар негізінде қалыптасқан бағалардан туындауы мүмкін. Бағалануы бақыланбайтын бастапқы деректерді пайдалануға негізделген құралдардың мысалы ретінде белсенді нарық жоқ кейбір несиелер мен бағалы қағаздар болуы мүмкін.

**(б) Әділ құнды бағалау иерархиясы**

Компания көрсетілген бағаларды қалыптастыру кезінде пайдаланылатын деректердің маңыздылығын ескеретін әділ құнды бағалаудың келесі иерархиясын пайдалана отырып, әділ құнды бағалайды:

- 1-деңгей: Бірдей қаржы құралдарына қатысты белсенді нарықтағы баға белгілеулер (түзетілмеген).
- 2-деңгей: 1-деңгейге қатысты баға белгілеулерден өзгеше деректер тікелей (яғни баға белгілеулер) немесе жанама түрде (яғни баға белгілеулерден алынған деректер) қол жетімді. Бұл санат мыналарды пайдалана отырып келесі бағаланатын құралдарды қамтиды: ұқсас құралдар үшін белсенді нарықтардағы нарықтық баға белгілеулер, белсенді ретінде қарастырылмайтын нарықтардағы бірдей немесе ұқсас құралдар үшін нарықтық баға белгілеулер немесе барлық пайдаланылатын деректер тікелей немесе жанама түрде бақыланатын бастапқы деректерге негізделетін бағалаудың басқа әдістері.

- 3-деңгей: қол жетімді емес деректер. Бұл санатқа бақыланатын бастапқы деректерге негізделмеген ақпаратты пайдалана отырып бағаланатын құралдар кіреді, мұндай бақыланбайтын деректер құралды бағалауға айтарлықтай әсер етеді. Бұл санатқа ұқсас құралдарға арналған баға белгілеулер негізінде бағаланатын құралдар кіреді, оларға қатысты құралдар арасындағы айырмашылықты көрсету үшін елеулі бақыланбайтын түзетулерді немесе пайымдауларды пайдалану талап етіледі.

Бұдан әрі кестеде әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлінісінде 2023 жылғы 30 қыркүйекке қысқартылған қаржылық жағдай туралы аралық есепте және 2022 жылғы 31 желтоқсанға қаржылық жағдай туралы есепте әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы құралдарына талдау келтірілген.

| **Қаржы активтер** | **2-деңгей** | **3-деңгей** | **Барлығы** |
|---|---|---|---|
| Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар | 830,933 | - | 830,933 |
| Клиенттерге берілген, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын кредиттер | - | 6,327,439 | 6,327,439 |
| | **830,933** | **6,327,439** | **7,158,372** |

| **Қаржы активтер** | **2-деңгей** | **3-деңгей** | **Барлығы** |
|---|---|---|---|
| Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар | 2,171,971 | - | 2,171,971 |
| Клиенттерге берілген, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын кредиттер | - | 4,523,388 | 4,523,388 |
| | **2,171,971** | **4,523,388** | **6,695,359** |

Бұдан әрі кестеде әділ құнды бағалау жатқызылған әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлінісінде 2023 жылғы 30 қыркүйекке әділ құн бойынша көрсетілмейтін қаржы құралдарына талдау келтірілген:

| **Аудиттелмеген мың теңге** | **2-деңгей** | **3-деңгей** | **Барлық әділ құн** | **Барлық баланстық құн** |
|---|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламасы | 228,426,975 | - | 228,426,975 | 228,426,975 |
| Банктер мен өзге қаржы институттарындағы шоттар мен депозиттер | 68,720,553 | - | 68,720,553 | 68,720,553 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар | 888,456,943 | - | 888,456,943 | 904,029,230 |
| Клиенттерге берілген несиелер және жылжымайтын мүлікті бөліп-бөліп сатудан дебиторлық берешек | 74,272,534 | 3,453,446 | 77,725,980 | 103,932,695 |
| Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек | 129,417,747 | 13,142,590 | 142,560,337 | 142,560,337 |
| Басқа қаржы активтері | 230,353 | - | 230,353 | 230,353 |
| **Міндеттемелер** | | | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 737,057,480 | - | 737,057,480 | 805,889,311 |
| Басқа да тартылған қаражат | 156,110,253 | - | 156,110,253 | 242,644,711 |
| Басқа қаржылық міндеттемелер | 4,457,227 | - | 4,457,227 | 4,457,227 |

Бұдан әрі кестеде әділ құнды бағалау жатқызылған әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлінісінде 2022 жылғы 31 желтоқсанға әділ құн бойынша көрсетілмейтін қаржы құралдарына талдау келтірілген:

| **мың теңге** | **2-деңгей** | **3-деңгей** | **Барлық әділ құн** | **Барлық баланстық құн** |
|---|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламасы | 245,237,171 | - | 245,237,171 | 245,237,171 |
| Банктер мен өзге қаржы институттарындағы шоттар мен депозиттер | 66,255,577 | - | 66,255,577 | 68,450,680 |
| Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар | 856,731,799 | - | 856,731,799 | 831,077,410 |
| Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер және жылжымайтын мүлікті бөліп-бөліп сатудан дебиторлық берешек | 99,738,036 | 1,597,583 | 101,335,619 | 126,896,750 |
| Қаржылық жалдау жөніндегі дебиторлық берешек | 134,014,640 | 15,243,666 | 149,258,306 | 149,258,306 |
| Басқа қаржы активтері | 297,515 | - | 297,515 | 297,515 |
| **Міндеттемелер** | | | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 764,691,925 | - | 764,691,925 | 780,249,653 |
| Басқа да тартылған қаражат | 182,464,081 | - | 182,464,081 | 235,715,688 |
| Басқа қаржылық міндеттемелер | 3,885,402 | - | 3,885,402 | 3,885,402 |

## 23 Капиталды басқару

| | Аудиттелмеген 2023 жылғы 30 қыркүйек | 2022 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| **k1 коэффициенті** | **14%** | **14%** |
| **k1-2 коэффициенті** | **24%** | **21%** |
| **k1-3 коэффициенті** | **26%** | **25%** |

Жоғарыдағы кестеде ҚР ҰБ нормативтік талаптарына сәйкес есептелген Компания капиталының құрамы көрсетілген.

2023 жылғы 30 қыркүйекке және 2022 жылғы 31 желтоқсанға Компанияға қолданылатын коэффициенттердің ең төменгі деңгейі:

- k1 – 6%.
- k1-2 – 6%.
- k1-3 – 12%.

## 24 Сегменттік есеп беру

Компанияның операциялары жоғары интеграцияланған және «Сегменттік есептілік» ХҚЕС 14-ге сәйкес бірыңғай бизнес-сегментті құрайды. Компанияның активтері негізінен Қазақстан Республикасының аумағында және Компания Қазақстан Республикасында жүргізілетін және онымен байланысты операциялардан кіріс алады. Компанияда операциялық шешімдерді қабылдауға жауапты тұлға - Басқарма төрағасы Компания туралы ақпаратты тұтастай алады және қарастырады.

## 25 Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Есепті күннен кейінгі кезеңде Компания қызметінде елеулі өзгерістер байқалмайды.

## 26 Акцияға шаққандағы пайда

Акцияға шаққандағы пайда келесідей есептеледі:

| | Аудиттелмеген 2023 жылғы 30 қыркүйек | Аудиттелмеген 2022 жылғы 30 қыркүйек |
|---|---|---|
| **мың теңге** | | |
| 9 айдағы таза пайда, мың теңгемен | 25,467,548 | 27,923,615 |
| акционерлердің үлесіне жатқызылатын 9 айдағы таза пайда | 25,467,548 | 27,923,615 |
| айналыстағы жай акциялардың орташа өлшенген саны, мың дана | 17,631,022 | 17,631,022 |
| **Акцияға шаққандағы базалық және азайтылған пайда, теңгемен** | **1,444** | **1,584** |

## 27 2023 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үшінші тоқсандағы қаржылық жағдай туралы есеп негізінде бір акцияның 2023 жылғы 30 қыркүйектегі баланстық құны

Бір акцияның баланстық құнының бұл есебі «Қазақстан қор биржасы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылғы 10 наурыздағы № 14 хаттама) бекітілген Бағалы қағаздарды жіберу бастамашыларының ақпаратты ашу қағидалары негізінде жүргізілді.

Бір акцияның баланстық құны келесі формула бойынша есептеледі:

**BVcs = NAV/NOcs,** онда:

**BVcs-** (book value per common share) есеп айырысу күніне бір қарапайым акцияның баланстық құны;

**NAV** - (net asset value) есеп айырысу күніндегі қарапайым акциялар үшін таза активтер;

**NOcs-** (number of outstanding common shares) есептеу күніне жай акциялар саны.

Қарапайым акцияларға арналған таза активтер төмендегі формула бойынша есептеледі:

**NAV = (TA - IA) – TL-PS**, онда

**TA** - (total assets) есеп айырысу күніндегі эмитенттің қаржылық жағдайы туралы есептегі акциялар эмитентінің активтері;

**IA** - (intangible assets) акциялар эмитентінің қаржылық жағдайы туралы есепте ұйым төленген ақшалай қаражатты немесе ақшалай қаражаттың баламаларын өтеу және/немесе экономикалық пайда алу мақсатында үшінші тараптарға өткізе алмайтын материалдық емес активтер;

**TL** – (total liabilities) есеп айырысу күніндегі акциялар эмитентінің қаржылық жағдайы туралы есептегі міндеттемелер;

**PS** - (preferred stock) есеп айырысу күніндегі акциялар эмитентінің қаржылық жағдайы туралы есепте «жарғылық капитал артықшылықты акциялар» шотының сальдосы.

2023 жылғы 30 қыркүйекке бір акцияның баланстық құны:

TA = 1,472,795,454 мың теңге;
IA = 402,425 мың теңге;
TL = 1,244,253,210 мың теңге;
NAV = 228,139,819 мың теңге;
NOcs. = 17,631,022 дана;

BVcs = 12,940 теңге.

**Басқарушы директор** **Б. Сагимкулова**

**Бас бухгалтер** **А. Токтаркожа**